

Ұйымдастырылған оқу қызмет жоспары

Білім беру саласы: Әлеумет

Бөлімі: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы : «Өнегелі салтың бар өсер ұрпақ»

Мақсаты:Балаларға қазақ халқының салт – дәстүрлері мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру халық өнегесін үйрету,рухани-адамгершілікке баулу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды:Қазақтың ұлттық қолөнер түрлерін біледі,суретін салады.

Түсінеді:Қазақтың салт дәстүр түрлерін

Қолданады:Тыйым сөздерді күнделікті айтып қолданады.

Ресурстар:АКТ,сырмақтар,ойынға қажетті суреттер , «Менің отбасым»көрінісіне қажетті заттар,сурет салуға бояу,картоптан ою-өрнек түрлері.

ҰОҚ барысы

Балалар музыка әуенімен саз залына кіреді.

Тәрбиеші : Балалар бізде бүгін ерекше күн ашық оқу қызметімізге қонақтар келген екен амандасып алайық.

Балалар: Салематсыздар ма Қайырлы күн!

Тәрбиеші: Балалар қазір тәуіліктің қай бөлігі?Қай уақыт?

Танертең біздер не істейміз?

Балабақшаға қандай көңіл-күймен келеміз?**4К моделі,сыни**

ойлау,бала үні,ашық сұрақтар

Балалар: Ұйқыдан тұрамыз,жуынамыз,балабақшаға барамыз,жаттығу жасаймыз,таңғы тамақ ішеміз,оқу қызмет болады,серуенге шығамыз.

Тәрбиеші. Таң атты менде бірге оянам

Төбемдегі күн шуаққа тоялам

Тірілді ғажап таңмен тіршілігім

Әрбір күнге жақсылықты қоялам-деп бүгінгі оқу қызметімізді

«Таңмен бірге» әнімен бастайық

Ой-шақыру: Балалар, атадан балаға мұра болып қалатын үйді не деп атайды?

Қарашаңырақ (дәстүр, ұғым) атадан балаға мұра болып қалған үй «киелі үй» деп саналады. Оны ел, ағайын-туыстары « қарашаңырақ» деп құрмет тұтады. Міне, алтын орда, білім мекені біздің қасиетті қарашаңырағымызда ұлттық салт-дәстүрге байланысты өтетін «Өнегелі салтың бар өсер ұрпақ » атты ашық оқу қызметіміз.

Әрбір қазақ өз ұрпағын тәрбиелеуде озық салт-дәстүрлерін пайдаланып келген.

1 Слайд: Балалар өздерің белгілі әрбір шаңырақта тойдың түрлері болады

Балалар қараңдаршы бұл суреттен не көріп тұрсыңдар?

Бесік той-жаңа дүние есігін ашқан балаға азан шақырып, атын қойып, бесікке салып, бесік жырын айтады. Міне мұны «Бесік той» дейді.

2 Слайд: Тұсау кесу

Бала 1 жасқа толғанда ол тәй-тәй басады, оның басқан қадамы құтты болсын деп баланың тұсауын кеседі.

3 Слайд Сүндет той

Ұл бала 5 жасқа жеткенде, ата –анасы салт дәстүрмен сүндетке отырғызады.

4 Слайд Тіл ашар

Бала 6 жасқа толғанда мектепке барады, оның жолы ашық, сабақты жақсы оқысын деп «Тіл ашар» тойын жасайды.

Дидактикалық ойын: «Санды орынына орналастыр»

Шарты: Балалар суреттерді қарап, қандай салт дәстүр екенін айтады. Баланың жасына қарай өтетін салт дәстүрдің қай жасқа келгенде болатынын айтып,

санды орынына орналастырады. **4к моделі, сыни ойлау, бала үні**

Салт дәстүр туралы тақпақтар **4 к Коммуникативтілік, Бала үні**

Көрініс «Біздің отбасы»

Әже немересімен бірге ертегі оқып, әкесі газет оқып отырады, ал анасы болса тамақ дайындап жүреді. Сол мезетте Альмира қыздары мектептен келеді.

- Әже, әке, анашым сүйінші, сүйінші ағам әскерден келетін болды.

Әкесі: - О-о қандай тамаша!

Анасы: Жарайсың қызым!

Әжесі: Қызым кел! Балалар, балам, келінім сүйінші сұрап қуанып келген адамға сүйіншісін беру керек. Кел, келе ғой қызым, міне сүйіншіңді ала ғой.

-Рахмет әже мың жасаңыз! Әже осы Әсеттің басындағы артық шаш, не шаш осы?

Әжесі: - Қызым

"Негізінен қазақ табиғаттың бір бөлшегі екенін ұмытпаған. Ылғи да табиғатқа қарап еліктеген. Тұлымның өзін табиғатқа еліктеп, айдарды ер балаға, тұлымды қыз балаға қойған. Қыз баланың тас төбесіне емес, екі шекесіне қойған. Екі уыстай шаш қалдырады - оны тұлым дейді. Қазақта "тұлымы желбіреп, бойжетіп қалыпты, тұлымды қыз" деп айтып жатады. Көз тимесін, ерекшеленіп тұрсын дейді. Айдар шаш немесе тұлым шаш, өмір бойына қойылмаған. Бір уақыты келгенде "айдарлы, айбарлы ұл болсын, тұлымды қыз болсын" деген ырыммен алып тастаған. Салт бойынша 5 жасқа келгенде алады. Баланы сүндетке отырғызады, қыздың құлағын тесіп, сырға тағады. Сол кезде шашты алып тастау керек. Бұл салттың мәні ретінде "ұрпағы үзілмесін" деп айдар шашты да, тұлым шашты да сақтап қоятын болған»

Альмира –Әже сонда менде тұлым шаш болдыма?

Әжесі: -Иә қызым сенде де болған тұлым шаш болды, міне сені әдемі болып

өсіп келесің соның арқасы қызым.

Анасы:- Альмира қызым мында келші саған кеше базардан әдемі көйлек алдым, сол көйлекті кигізіп көрейінші. Анасы Альмираға көйлек кигізеді. Альмира айнаға қарап қуанып тұрады.

Әжесі: -Қызым Альмира жаңа көйлегің құтты болсын! «Қазақ халқында жаңа нәрсе сатып алған адамға байғазы береді ,Міне сенің көйлегіңнің байғазысы»- деп әжесі мойынына моншақ тағады. Рахмет әже мың жасаңыз! Мен сабағыма дайындалайын деп шығып кетеді.

Әкесі мен Анасы жұмысқа кетеді.

Әжесі Әсет немересіне қоржынға салып асық береді.

-Әсет немерем кеше апайың «үйлеріңізде асық барма?» -деп сұраған мен сол асықтарды саған беріп жіберейін апайыңа берерсің балам.

-Жарайды әже берейін.

Тәрбиеші :Балалар сендерге көрініс ұнадыма?

Әсет: -Апай мына қоржынды сізге әжем беріп жіберді.

Тәрбиеші: Әжеңе көп рахмет.

Балалар Әсеттің әжесі бізге асық беріп жіберген екен ,түстерін қарап көрейік қызыл,көк түстер екен.Енді осы асықтарды таңдау арқылы екі топқа бөлінейік.

Балалар көк,қызыл асықтарды таңдап екі топқа бөлінеді. **4к (Командамен жұмыс)**

Балалар ырым тыйым сөздер арқылы,асықтарын қоржынға салады.

4 к (Коммуникативтілік,Бала үні)

(Суға түкірме,тентек болуға болмайды,қыздарды сыйлау керек,бас киімді жерге тастама,саусақты ауызыңа салма,құстың ұясын бұзба,малды теппе,басыңды шайқама,таңдайыңды қақпа т.б)

1 .Тапсырма

Тәрбиеші: Балаалар біздің тобымызда киіз үй бар сол үйімізге сырмақ дайындайық.**4 к (Сыни ойлау,сырттай бақылау)**

балалар екі тақтаға сырмақты құрастырып жарысады ,бірінші құрастырған топқа асық береді

2 тапсырма

«Өз орынын тап»дид.ойын (**4 к сыни ойлау**)

3 тапсырма Картоптан ойылған ою –өрнектер арқылы дәстүрден тыс сурет салу «Кілемді өрнекте» **4 к (Креативтілік,бақылау)**

Қортынды Күннің шуағы әдісімен оқу қызметті қортындылайды

Рефлексия:Балалар оқу қызметтен алған әсерлерін айтты ,әрбір күннің шуағына қойылған сұраққа жауап берді.

«Рауан» бөбекжай-бақшасы

*Ашық ұйымдастырылған оқу қызмет
«Өнегелі салтың бар өсер ұрпақ»*

Ересек «Нұршуақ» тобы



Тәрбиеші :Джумагазиева Г

2021 -2022 оқу жылы



©©©©

Samsung Quad Camera
Снято на Galaxy A71



©©©©

Samsung Quad Camera
Снято на Galaxy A71



